

## Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышындағы өзгерістер жағдайындағы жергілікті өкілді органдар жүйесі туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 1997 жылғы 19 маусымдағы N 130.

1-бап.

1. Мыналар өзінің өкілеттігін сақтайды және:

- 1) Талдықорған облыстық мәслихатының депутаттары - Алматы облыстық мәслихатының;
- 2) Жезқазған облыстық мәслихатының депутаттары - Қарағанды облыстық мәслихатының;
- 3) Семей облыстық мәслихатының депутаттары - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының;
- 4) Қекшетау облыстық мәслихатының депутаттары - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттары болып табылады деп белгіленсін.

2. Торғай облыстық мәслихатының депутаттары өз өкілеттігін сақтайды және:

- 1) егер олар таратылған Торғай облысының Державин, Жақсы, Жаңадала, Есіл және Қима аудандарынан сайланса, Ақмола облыстық мәслихатының;
- 2) егер олар таратылған Торғай облысының Арқалық қаласынан, Арқалық, Амантогай, Амангелді, Жангелдин және Октябрь аудандарынан сайланса, Қостанай облыстық мәслихатының депутаттары болып табылады деп белгіленсін.

2-бап.

1. Облыстар таратылған, олар қайта ұйымдастырылған жағдайда облыстық, аудандық (қалалық) мәслихаттардың депутаттары өз өкілеттігін сақтап қалады және таратылған әкімшілік-аумақтық бөлініс қосылған әкімшілік-аумақтық бөлініс мәслихатының депутаттары болып табылады.

2. Облыстардың әкімшілік-аймақтық құрылышы өзгерген жағдайда аудандық (қалалық) мәслихаттардың депутаттары өз өкілеттігін сақтап қалады және:

1) таратылған ауданның аумағы қосылатын ауданның (қаланың);

2) аудандық маңызы бар деген мэртебе алған осы қала қарамағына жатқызылған аудан мәслихатының депутаттары болып табылады.

3. Облыстың, ауданның (қаланың) аты өзертілген жағдайда аты өзертілген облыс, аудан (қала) мәслихаттарының депутаттары қайта сайланбайды және аты өзертілген әкімшілік-аумақтық бөліністер мәслихаттарының депутаттары ретінде өз өкілеттігін сақтап қалады.

3-бап.

1. Осы Заң 1994 жылғы 7 наурызда сайланған жергілікті өкілді органдардың, сондай-ақ кейінірек, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығына сәйкес сайланған жергілікті өкілді органдардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін күшінде болады.

2. <\*>

**ЕСКЕРТУ.2-тармақ алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.07.20. N 442**

**Заңымен.**

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК